

Иондаушы сәулелену көздерін Қазақстан Республикасына әкелуге рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 8 қыркүйек N 1362

"Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыс, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 Р971037_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Восток-Изотоп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (Өскемен қаласы, Қазақстан Республикасы) радиациялық техниканы монтаждау және жөндеу жөніндегі "Квант" ЖАҚ-мен (Екатеринбург қаласы, Ресей Федерациясы) жасалған 2000 жылғы 5 маусымдағы N С/2-75-9 шартқа сәйкес Қазақстан Республикасына 117 иондаушы сәулелену көздерін (Цезий-137), (СЭҚ ТН коды 2844) әкелуге рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі белгіленген тәртіппен:

1) "Восток-Изотоп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне иондаушы сәулелену көздерін әкелуге лицензия берсін;

2) Қазақстан Республикасы бақылаушы органдарының әкелінетін өнімнің түпкілікті пайдаланылуын тексеруге қол жеткізуін қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден

комитеті кеден заңнамасымен белгіленген тәртіппен жоғарыда көрсетілген өнімге кедендік бақылау жасауды және оның кедендік ресімделуін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитетіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК